

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АҒАШ САУДАЛАСУЫН (АУКЦИОНДАР) ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ УАҚЫТША ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
18 ақпан 1994 ж. N 199. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.13. N 32 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Орман кодексін күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 23 қаңтардағы N 1925-ХІІ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

Қазақстан Республикасында Ағаш саудаласуын (аукциондар) өткізу тәртібі туралы Уақытша ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 18 ақпандағы
N 199 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасында ағаш саудаласуын (аукциондар) өткізу тәртібі туралы УАҚЫТША ЕРЕЖЕ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Өсіп тұрған сүректерді саудаласу арқылы сату орман шаруашылығын ұтымды жүргізуді экономикалық ынталандыру, өсіп тұрғанда босатылатын сүректің нарықтық бағасын қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады және орман пайдалануда нарықтық қатынастарды жандандыру мақсатында е н г і з і л е д і .

2. Ағаш саудасын (аукциондарды) өткізу тәртібі туралы Уақытша ереже, бұдан былай Ереже, өсіп тұрған сүректі, сол сияқты қурап тұрған, жел сұлатқан, дауыл омырған және басқа осындай сүректі сату тәртібін реттейді.

3. Өсіп тұрған сүрек саудасы (аукционы) - бұл өсіп тұрған сүректің ашық саудасы, мұндай жағдайда оны ұйымдастырушылар неғұрлым жоғары баға ұсынған заңды немесе жеке тұлғалар сатып алатын болуы үшін тиісті хабарландырулар жолымен сүрек сатып алушыларды бәсекелестік сайысқа қ а т ы с у ғ а т а р т а д ы .

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

5. Саудаласу арқылы (аукционда) сату үшін қойылатын, өсіп тұрған сүректің көлемін орман қоры учаскелерінің иелері ағаш дайындаушылар, орман топтары, шаруашылықтар бойынша ағаш кесу қоры лимитін орналастырумен бір мезгілде анықтайды және облыстық атқарушы өкімет органдарының келісімі бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман шаруашылығын басқару органы б е к і т е д і .

6. Саудаласу арқылы (аукциондарда) сүректерді сатып алушылар болып заңды ұйымдар және қажетті техникасы мен жабдығы бар жеке тұлғалар қатысуы мүмкін. Сатып алушы аукционға жеке өзі немесе сенімхат бойынша өзінің өкілі арқылы қатысады. < * >

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

САУДАЛАСУДЫ (АУКЦИОНДАРДЫ) ҰЙЫМДАСТЫРУ

7. Саудаласуды (аукционды) облыстық атқарушы өкімет органы облыстық орман шаруашылығын басқару органымен бірлесе отырып ұйымдастырады және өткізеді. Бұл үшін Сауда комиссиясы құрылады, оның құрамына облыстық атқарушы өкімет органының, облыстық орман шаруашылығын басқару органының мемлекеттік салық инспекциясының, сүректі сатушы орман қоры учаскелері иелерінің өкілдері, хаттамашы, заң кеңесшісі, бухгалтер және басқа мүшелері енгізілуге тиіс. Сауда комиссиясының төрағасы болып облыстық атқарушы өкімет органының өкілі тағайындалады.

< * >

Ескерту. 7-тармақтың 2-абзацы алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

8. Саудаласудың (аукциондардың) маңызына қарай олар ауызша жарысу (ауызша саудаласу) түрінде немесе конвертке салып, желімдеп ұсынған жазбаша сұранымды (жабық саудаласу) қарастыру жолымен немесе екі тәсілді қоса отырып (бірлескен саудаласу) өткізіледі. Бірлескен саудаласу басымдық тағайындалады. Өсіп тұрған сүректі аса ірі көлемде сатқан кезде жабық саудаласу тағайындалады. < * >

Саудаласуды өткізу тәсілін Сауда комиссиясы белгілейді.

Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

9. Саудаласу (аукцион) бүкіл жыл бойы алармандар үшін анағұрлым қолайлы мерзімде тағайындалады. Әр түрлі жерде белгіленген саудаласуды (аукциондарды) өткізу мерзімі аларманның әрбір жекелеген саудаласуға (аукционға) қатысуына мүмкіндігі болатындай есеппен анықталады.

10. Сүректі сатушы Сауда комиссиясымен "сауда келісімін" (1-қосымша) жасасады. Сауда келісімінің құрамды бір бөлігі саудаласуды өсіп тұрған сүректі сатуға арналған "өтінім" (2-қосымша) болып табылады, оны сатушы толтырады. Әрбір сауда бірлігіне өтінім жеке-жеке жасалады және онда аталған тауар түрі жөнінде барлық негізгі мәліметтер: тұрған жері (орман иесі, орманшылық, орамы , бөлінген тілкем, оның нөмірі), ормандар тобы, қорғаныштық санаты, көлік жолының бар-жоғы тұқымы бойынша сүректің саны және оның тауарлық құрылымы, кесу тәсілі, дайындау және тасып әкету мерзімі, өсіп тұрған сүректің алғашқы (сөрелік) құны, ақы төлеу шарты, орманды қалпына келтіру тәсілі мен мерзімі, ағаш кесілетін жерді (тілкемді) игерудің технологиялық қартасы, неғұрлым пайдалы мәмілені жүзеге асыруға себепші болатын және осы сауда бірлігі жайында аларманның неғұрлым толық хабардар болуы үшін қажетті басқа да ақпарат көрсетілуі қажет. (Сауда бірлігі - бірыңғай тұтастық түрінде саудаласуға қойылған өсіп тұрған сүректің текше метр есебіндегі көлемі. Ол ағаш кесу учаскесінің кесілуге жататын ағаштарын немесе оның бір бөлігін, ағаштар тобын, оның жекелеген бөлігін білдіреді). <*>

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

11. Сауда комиссия сүректі сатуға арналған (сауда келісіміне қосымшалар) өтінім негізінде каталог жасайды, онда барлық сауда бірлігі жөніндегі толық мәлімет, сондай-ақ алармандардың, сатушы ұйымдардың шоттарына кепілдік салуына мүмкіндігі болуы үшін олардың есеп айырысу шоттары мен атаулары к ө р с е т і л е д і .

12. Сауда комиссиясы саудаласуды өткізу мерзімі мен орны жайында бұқаралық ақпарат құралдарында, арнаулы анықтамалық басылымдарда х а б а р л а н д ы р у б е р е д і .

Хабардар ету нысандары мен құралдарын таңдау өсіп тұрған сатылатын сүректің көлемі мен сапасына және саудаласу тәсіліне қарай жүргізіледі.

13. Саудаласуды өткізу мерзімін хабарлау саудаласудың маңыздылығына қарай оның басталуынан бір-алты ай бұрын жасалуға тиіс.

14. Хабарландыруда саудаласудың орны, мерзімі, тәсілі, оған кімнің жіберілетіні, өсіп тұрған сүректің сатуға қойылатын әрбір тобының көлемі мен бастапқы құны және барлық сауда бірлігі, сондай-ақ сатудың шарттары туралы егжей-тегжейлі мәліметті қайдан алуға болатыны, өсіп тұрған сатылатын сүректі

байқап көру үшін кімге жолығу керектігі, табиғи күйдегі тілкемді байқап көру тәртібі және оның құны көрсетіледі. Сонымен қатар жабық конвертте хатталған өтінім бойынша сауда жүргізетін кезде хабарландыруда оны саудаласуға қатысуға тілек білдіруші алармандардың беретін мерзімі де көрсетіледі.

15. Өсіп тұрған сүректің бастапқы бағасы өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген өсіп тұрған күйінде босатылатын сүрек үшін төлемнің қолданыстағы базалық ставкаларын және сауда шығындарын қамтиды.

< * >

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358

қ а у л ы с ы м е н

16. Сауда комиссиясы әрбір сауда бірлігі бойынша бастапқы ақшалай жарнаны (кепілдікті) жеке-жеке белгілей алады, бұл кейін сатып алынған тауар бағасына қосылады немесе ешнәрсе сатып алмаған қатысушыларға қайтарылады. Аукционда саудаласуға тілек білдірген аларман таңдап алған барлық сауда бірлігі бойынша сатушының есеп айырысу шотына кепілдік сома өткізуге м і н д е т т і .

< * >

Ескерту. 16-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

17. Сатушы саудаласу алдында алармандардың қалауы бойынша ағаш кесілетін жерді (тілкемді) байқап көруді ұйымдастырады.

18. Жабық конвертте хатталған өтінім беру жолымен саудаласуға тілек білдірушінің тікелей өзі немесе басқа кісі немесе почта арқылы өзінің өтінімін Сауда комиссиясына жолдай отырып, конверт сыртына "Мынадай күнге белгіленген өсіп тұрған сүректі саудаласуға өтінім" деп жазуы керек. Өтінім саудаласу жайындағы хабарландыруда көрсетілген мерзімнен кешіктірілмей табыс етілуге тиіс және онда:

а) өсіп тұрған сүректі хабарландырылған сату шарттары негізінде сатып алуға келісетіні, нендей бір түзетусіз жазбаша түрде белгіленген әрбір сауда бірлігінің ұ с ы н ы л а т ы н б а ғ а с ы ;

б) өтінім берген заңды тұлғаның деректемесі, сондай-ақ фамилиясы, аты, әкесінің аты және осы тұлғаның уәкілдік берген жекелеген өтінімшілердің м е к е н - ж а й ы ;

в) кепілдікті төлегені туралы төлемдік тапсырманың көшірмесі болуға тиіс.

19. Сауда комиссиясына келіп түсетін барлық жабық өтінімдерге тіркелген нөмірі беріліп, сол бойынша осы жабық өтінім саудаласуға қатысады.

20. Сауда комиссиясы саудаласуға (аукционға) қатысушыларға билет береді, билеттің нөмірі саудаласуға (аукционға) қатысушының нөмірі болып табылады. Саудаласуға қатысушыларға билет кепілдік ақы төленгені туралы төлемдік тапсырма көрсетілгеннен кейін беріледі, бұған қоса заңды тұлғаның уәкілдік берген сенімхатты табыс етуге тиіс. < * >

Ескерту. 20-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

21. Кепілдік ақының төленгені туралы ақпарат Кепілдік туралы ведомоске (3-қосымша) жазылып, қатысушылар қол қояды.

САУДАЛАСУДЫ (АУКЦИОНДЫ) ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

22. Сауда комиссиясы саудаласуды (аукционды) жүргізеді және олардың операциясын ресімдейді.

23. Саудаласуды (аукционды) жүргізу кезінде "Сауда комиссиясының саудаласуды жүргізгені туралы есебі" (7-қосымша) жасалады, онда саудаласу кезінде орын алған нендей бір жағдай жөнінде қабылданған барлық шешім көрсетіледі және "Сауда парағы" (4-қосымша) толтырылады.

24. Саудаласу мүмкіндігінше оның аяқталатын мерзіміне дейін үзіліссіз жүргізілуге тиіс. Үзіліс қажет болған жағдайда, Сауда комиссиясының төрағасы бұл жөнінде сауданы қайта жалғастыру мерзімін белгілей отырып, барлық қатысушыларға хабарлайды, саудаласу жүргізілгені жайындағы есепке жазба түсіріледі. Саудаласуды жабық конверттегі өтінімдер бойынша жүргізу кезінде саудаласуға жасалған үзіліс уақытында өтінімдер ортақ конвертке салынып, Сауда комиссиясы төрағасының мөрі басылып, хатталады.

25. Сауда комиссиясының төрағасы саудаласуды (аукционды), ашып, оны жүргізу шарттарын (саудаласуды жүргізудің осы Ережелерінің 27-42-тармақтарында жазылған тәртібін) оқып береді және саудаласуға ниет білдірушілердің бәріне шарттар жазылған қағаздың бір данасына қолдарын қоюды ұсынады, сондай-ақ қанша жабық өтінім түскенін хабарлайды. Саудаласушылардың жазбаша жабық өтінімдері ауызша саудаласу аяқталғанға дейін ашылмай көрнекті жерде қойылып тұруға тиіс.

26. Конвертке салынған өтінімдердің бар-жоғына қарамастан, егер саудаласуға тілек білдірушілер екі адамнан кем болмаса, саудаласу белгіленген уақытта ашылады. Егер сүректі сатып алушылардың жоғарыда көрсетілген саны аталған мерзімнен бұрын келмесе, онда Сауда комиссиясы өз іс-әрекетін екі сағат бойы бастамай күте тұрады. Осы уақыт өткен соң саудаласу оған ниет білдірушілердің қанша адам болғанына қарамастан, бірақ жабық жазбаша өтінімдерді қосқанда екеуден кем болмаса, жүргізіле береді. Көрсетілген уақытта саудаласуға ешкім келмеген жағдайда, Сауда комиссиясы жабық өтінімдерді ашуға кіріседі, егер ондай өтінімдер бар болса, ал бұған керісінше болған жағдайда, саудаласу өткізілмеді деп саналып, ол жөнінде саудаласуды жүргізу туралы есепте көрсетіледі.

АУЫЗША САУДАЛАСУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

27. Ауызша саудаласу әрбір сауда бірлігі бойынша каталогтегі нөміріне қарай жеке-жеке жүргізіледі. Каталогте көрсетілмеген сауда бірлігін саудаласуға ұсынуға жол берілмейді. Саудаласуға ұсынылған сауда бірліктерін шығарып тастауды орман қоры учаскелері иелерінің ұсынысы бойынша Сауда комиссиялары сауда күні ағаш кесуге арналған жерге өрттен, желден, тағы басқа себептерден зиян келтірілуі салдарынан сауда бірлігін қайта бағалау қажет болған, сондай-ақ оларды табиғи зілзаланың зардабын жою үшін пайдалану қажет болған жағдайда жүргізуі мүмкін. Сатушының немесе оның уәкілдік берген өкілінің жазбаша мәлімдемесі бойынша саудаласуға ұсынылған кез-келген сауда бірлігі бәсеке болмаған ретте саудаласудан алынып тасталады.

28. Сауда комиссиясының төрағасы каталог бойынша сауда бірлігінің (лотта) сатылатын нөмірін хабарлайды, қысқаша сипаттама береді, бастапқы бағасы мен оны өсіру аралығын жариялайды. Он бөлікке дейін ықшамдағанда бұл аралық бастапқы бағаның бір процентінен кем болмауға тиіс.

29. Аларман өз бағасын ұсына отырып, билетін (қатысушы нөмірін) көтеріп, оны Сауда комиссиясы төрағасы тұрған жаққа қарай бұра көрсетіп, өзі ұсынатын бағаны дауыстап жариялауға тиіс.

30. Сауда комиссиясының төрағасы әрбір ұсынылған бағаны қайталап, оны балғаның соғылған дабылымен құптап отырады. Ұсынылған баға үш мәрте қайталанады, егер алармандардың бірде-біреуі жоғары баға ұсынбаса, онда осы сауда бірлігі бойынша ауызша саудаласудың аяқталғаны жарияланады. Ұсынылған ең жоғары баға және оны ұсынған қатысушының нөмірі сауда парағына жазылады.

31. Соңғы үстемені жариялап, аларман өзі ұсынған бағасына әлгі сауда бірлігін оған қалдыруға келісетіні жайында сауда парағына қолын қояды. Бұдан кейін Сауда комиссиясының төрағасы келесі сауда бірлігін саудалауға кіріседі.

БІРЛЕСКЕН САУДАЛАСУДЫ ЖӘНЕ САУДАЛАСУДЫ КІЛЕҢ КОНВЕРТТЕГІ ӨТІНІМДЕР БОЙЫНША ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

32. Бірлескен саудаласуды - ауызша жарыс пен конверттегі өтінім бойынша саудаласуды жүргізген жағдайда әуелі 27-31-тармақтарға сәйкес ауызша саудаласу өткізіледі, ал ауызша саудаласу аяқталған соң, бірақ, келіп түскен жазбаша өтінімдерді ашуға дейін, төраға қатысушылардың қалауына орай "өзіне арнап" одан әрі үстеме жасауын ұсынады, бұл жайында сауда парағына тиісті сауда бірлігінің тұсына жазып қойылады.

33. Ауызша саудаласу және "өзіне арнап" үстеме жасау аяқталған соң, төраға

ауызша саудаласу аяқталғанын жариялайды, сонан кейін Сауда комиссиясы барлық саудаласушылардың көз алдында конверттегі өтінімдерді ашуға кіріседі. Әрбір ашылған өтінім хабарланады және онда жасалған ұсыныс тиісті сауда бірлігі бойынша, конверттегі өтінімнің тіркелген нөмірі және ұсынылған баға көрсетіліп сауда парағына жазылады.

34. Белгілі бір сауда бірлігіне ауызша және жазбаша ұсынылған баға тепе-тең болған жағдайда, артықшылық ауызша саудаласқан кісіге беріледі. Белгілі бір сауда бірлігіне бірнеше жабық өтінім берушілер ұсынған бағалар тепе-тең болған ретте, егер ондай адамдардың бәрі саудаласуға қатысып отырса, ауызша жарыс өткізіледі; ал енді бір ғана адам қатыспаған жағдайда, мәселені Сауда комиссиясы жеребе тартқызу арқылы шешеді, бұл хаттамада көрсетіледі.

35. Саудаласу бірнеше орман иелері бойынша өткізілген жағдайда саудаласу нәтижелері туралы ведомостер әрбір шаруашылық бойынша жеке-жеке жасалады

< * >

Ескерту. 35-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

36. Кілең жабық конверттегі өтінімдер бойынша саудаласу өтінім берушілердің қатысуынсыз сырттан өткізіледі.

Егер Сауда комиссиясы нендей бір өтінімді жарамсыз деп танитын болса, онда сол өтінімде жасалған ұсыныс сауда парағына жазылмайды, ал саудаласу жүргізілгені туралы хаттамада жарамсыз деп танылған өтінімнің дәлелі көрсетіледі.

САУДАЛАСУДЫҢ (САУДА ӨНДІРІСІ) НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰЖАТТАМАНЫ РЕСІМДЕУ

37. Саудаласудың түпкі нәтижелері "Саудаласудың нәтижелері туралы ведомостен" (5-қосымша) жазылады, ол саудаласудың жасалғаны туралы хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылады.

38. Саудаласу аяқталған соң кепілдік ведомосіне, сауда парағына саудаласу өткізілгені туралы хаттамаға және саудаласу нәтижелері туралы ведомоске Сауда комиссиясының барлық мүшелері қолдарын қояды, оны Төраға бекітеді. Төраға саудаласудың түпкілікті нәтижелері туралы хабарлама жасайды.

39. Сауда комиссиясы жасайтын құжаттардағы жазу тек қана сиямен немесе шарикті қаламмен жазылады.

40. Сауда жасау қағазына мыналар қоса тіркелуге тиіс:

- а) саудаласу туралы жарияланымдардың бір данасы;
- ә) өсіп тұрған сүректі сатудың шарттары жазылған қағаздың саудаласуға тілек білдірген адамдардың қолхаты бар бір данасы;
- б) табыс етілген сенімхаттар;

- в) жазбаша өтінімдер салынған конверттер;
- г) каталогтың бір данасы;
- д) кепілдік сомасы төленгені туралы құжаттар.

Бүкіл сауда жасау қағаздары нөмірленген, тігілген және Сауда комиссиясы төрағасының мөрі басылған болуға тиіс.

41. Саудаласу нәтижелері жарияланғаннан кейін жеңімпаздар 15 күн ішінде сүректің саудаласу арқылы сатылғаны-сатып алынғаны жөнінде сүректі сатушымен (сатушы атынан шартты Сауда комиссиясы ресімдейді) Шартты ресімдейді (6-қосымша). Шарт Сауда комиссиясына, сатушыға және аларманға арналып 3 дана етіп жасалады.

42. Саудаласудың нәтижелері туралы есепті Сауда комиссиясы облыстық атқарушы өкіметтің органына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман шаруашылығын басқару органына тапсырады.

САУДАЛАСУДА (АУКЦИОНДА) ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ РЕСІМДЕУ

43. Саудаласуда өсіп тұрған сүректі сатып алғаны үшін есеп айырысу нысаны сауда бірлігін (лотта) жариялау кезінде көрсетіледі.

44. Сүректі саудаласуда сатудан алынған толық құны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті бюджеттің кірісіне аударылады. < * >

ЕСКЕРТУ. 44-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N 708 қаулысымен.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен.

45. Шарт ресімделгеннен кейін 10 күннен кешіктірмей аларман осы Ереженің 44-тармағына сәйкес ақшаны сатушының шотына аударып, өсіп тұрған сүректі сатушыға өтініш жасайды, ол оған ағаш кесу билетін береді. Ағаш кесу билетін жазып беру кезінде сатушы аларманды өсіп тұрған сүректі босату ережесімен, өрт қауіпсіздігі ережелерімен және ағаш кесу ережелерімен таныстырады. Осыдан соң аларман солармен танысқаны жөнінде қол қояды. Ағаш кесу билетімен бірге сатылған ағаш кесілетін жерді игерудің технологиялық қартасы беріледі.

Егер 10 күн ішінде ұсынылған шот төленбесе, онда саудаласу нәтижесінің күші болмайды, ал қатысушының өсіп тұрған сүректі саудаласуға жыл бойы қатысуға құқығы болмайды. Мұндай жағдайда оған бастапқы ақшалай жарна (кепілдік) қайтарылмайды, жергілікті бюджеттің кірісіне есептеледі. < * >

ЕСКЕРТУ. 45-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N

Ескерту. 45-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

46 . < * >

Ескерту. 46-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

47. Сүректі сатушының, аларманның және Сауда комиссиясының бір-біріне шағымы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіп бойынша қ а р а л а д ы .

48. Өсіп тұрған сүректі сатушы:

а) сатуға ұйғарылған ағаш кесілетін жерді бөлуге, ағашы кесілетін жер мен таксациялауды қолданылып жүрген нұсқауға сәйкес жүргізуге. Сатуға ұсынылған сауда бірлігінде сүректің алдын ала бастапқы бағасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген өсіп тұрған сүрек үшін төлемнің қолданыстағы базалық ставкаларына сәйкес анықтауға. Кесуге ұйғарылған ағаштың немесе оның бөлігін табиғи күйінде шектеуге. Сүректегі жаппай оталмайтын ағаш кесу жерлерінде кесуге белгіленген ағаштарды таңбалауға. Егер ағаш кесілетін жерді шектеуге мүмкіндік болмаса, ағаштарды н ө м і р л е у г е ; < * >

ә) қолданылатын таксациялау әдісі шеңберінде сүректің саны мен сапасының дәл анықталуын қамтамасыз етуге;

б) сатылатын тауар бірліктерін біліктілікпен таңдап алу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін олар жайында қажетті әрі дұрыс ақпарат беруге міндетті.

Ескерту. 48-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

49. Аларман сатып алған сауда бірлігінен ақау тапқан жағдайда сатушы аларман талап қойған кезден бастап 5 күн ішінде оларды ауыстыруға міндетті.

Ескерту. 49-тармақтың 2-абзацы алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

50. Сауда комиссиясы аларманға саудаласу (аукцион) басталғанға дейін сатушының өтініміне сәйкес сауда бірліктері жөнінде толық және дәлме-дәл а қ п а р а т б е р у г е т и і с .

51 . < * >

Ескерту. 51-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

52. Аларман сүректі ағаш кесу билетінде көрсетілген мерзімде кесіп, тасып әкетуге, ағаш кесілген алаңды тазартуға, орманды қалпына келтіру жұмысын (егер бұл сату шарттарында көрсетілген жағдайда) жүргізуге міндетті.

Өсіп тұрған сүректі босатудың қолданылып жүрген ережелеріне сәйкес сүректі дайындау мен тасып әкету мерзімі ұзартылуы мүмкін. Белгіленген мерзімде кесілмеген және тасып әкетілмеген сүрек өсіп тұрған ағашты сатушының қайтадан меншігіне айналады.

53. Саудаласу кезінде сатып алынған өсіп тұрған сүректі иелену құқығын басқа біреуге аударуға тыйым салынады.

ӨСП ТҰРҒАН СҮРЕКТІ КОНКУРСТІК НЕГІЗІНДЕ САТУ

54. Ағаш дайындау кезінде орман өсіру және экология талаптарын ерекше технологияларды қолдану талап етілген жағдайларда өсіп тұрған сүректі сату конкурстік негізде жүргізілуі мүмкін.

55. Конкурске қажетті техникасы мен жабдықтары, білікті кадрлары бар мамандандырылған ағаш дайындаушы кәсіпорындар қатысады.

56. Конкурсты ұйымдастыру үшін облыстық атқарушы орган облыстық орман шаруашылығын басқару органымен бірлесіп, облыстық атқарушы орган өкілдігі басқаратын конкурстық комиссия құрады. <*>

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

57. Конкурстік комиссия орман иелерінің ұсыныстары бойынша ағаш кесілетін жердің тізбесін анықтайды, конкурстік негізде игерілуі мүмкін ағаш кесілетін жерлердің тізбесін анықтап, ағаш дайындауды жүргізу технологиясында қойылатын талаптарды белгілейді және ағаш дайындаушыларға қажетті ақпаратты жеткізеді.

58. Конкурс жеңімпазы облыстық атқарушы органның шотына кепілдік ретінде өсіп тұрған сүректің бастапқы құнының елу пайызы мөлшеріндегі соманы аударады. Жұмыс аяқталған соң, егер ол конкурстік комиссия белгілеген технологиядан ауытқымай орындалған болса, ағаш дайындаушының кепілдік ретінде берген сома оған қайтарылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 58-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N 708 қаулысымен .

Ескерту. 58-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

59. Ағаш дайындаушы белгіленген технологияны бұзған жағдайда облыстық орман шаруашылығын басқару органының шешімі бойынша ағашы кесілетін жер қайтарып алынады, ондай жағдайда ағаш дайындаушы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап береді. Енгізілген кепілдің сомасы қайтарылмайды және тек сот шешімі бойынша жергілікті бюджеттің кірісіне жіберіледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 59-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N 708 қаулысымен .

Ескерту. 59-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

1-Қосымша

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

САУДА КЕЛІСІМІ

Қол қойылған күні _____ 199__ ж.
_____ бір жағынан,
(Сауда комиссиясының атауы)
бұдан былай Сауда комиссиясы деп аталатын _____
_____ негізде
іс-әрекет жасайтын _____
(лауазымы, фамилиясы, аты, әкесінің аты)
_____ атынан
және екінші жағынан _____ бұдан
(Орман иесінің атауы)
былай Сатушы деп аталатын _____
негізде іс-әрекет жасайтын _____
(Лауазымы, фамилиясы, аты, әкесінің аты)
_____ атынан мыналар жайында осы келісімді жасасты.

1. Келісімнің пәні

1.1. Сатушы алады, ал Сауда комиссиясы саудаласу барысында мынадай тауар бірліктерін сатуды қабылдап алады:

Рет нөмірі	саны, текше метр	бастапқы құны
1.	_____	_____
2.	_____	_____
3.	_____	_____
4.	_____	_____

Жиынтық бастапқы құны _____

(жазбаша)

Тауар бірліктерінің егжей-тегжейлі ерекшелігі 1-қосымшада көрсетілген, ол осы Келісімнің ажырамас бір бөлігі болып табылады.

2. Тараптардың міндеттері

2.1. Сатушының міндеттері:

2.1.1. Саудаласуға ұсынылған әрбір тауар бірлігі бойынша толық және дұрыс ақпарат табыс етеді.

2.1.2. Саудаласуға ұсынылған тауарлар бірлігін алармандар қалауына қарай табиғи күйінде байқап көруіне жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

2.1.3. Саудаласу жеңімпазына саудаласу барысында сатылған өсіп тұрған сүрекке арнап ағаш кесу билетін жазып береді.

2.1.4. Сатушы саудаласудың өткізілгені жөнінде Сауда комиссиясынан есеп алғаннан кейін 5 банк күнінен кешіктірмей Сауда комиссиясына саудаласуды сатылған сүректің ақырғы жиынтық құнынан _____ % төлейді.

2.1.5. Сауда комиссиясы есеп бергеннен кейін _____ күні ішінде сатылмаған тиісті заттар бойынша кепілдікті қайтарады.

2.2. Сауда комиссиясының міндеттері:

2.2.1. Саудаласуға ұсынылған өсіп тұрған сүректі байқап көру шарттарын көрсете отырып, саудаласу жайында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы х а б а р л а н д ы р у б е р е д і .

2.2.2. Сатушының осы Келісімге тіркелген өтініміне сәйкес каталогтағы тауарлар бірлігі жайында табыс еткен ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз етеді.

2.2.3. Саудаласуды өсіп тұрған сүректі неғұрлым жоғары бағаға сату ма қ с а т ы м е н жү р г і з е д і .

2.2.4. Қазақстан Республикасында Ағаш саудаласуын (аукциондарды) өткізу тәртібі туралы уақытша ережеге сәйкес саудаласатын өсіп тұрған сүректі сату-сатып алуға арнап аталған Сауда келісімінің 3-бөлімінде көрсетілген Сатушы мен саудаласу жеңімпазы (алармандар) арасында Сатушының атынан _____ күн ішінде шарт жасасады.

2.2.5. Шарт жасалғаннан кейін _____ күн ішінде Сатушыға саудаласу жасалғаны туралы есеп береді.

3. Есеп айырысудың және алармандардың сатушыдан өнім алуының шарттары

3.1. Ақы төлеу шарттары мен кепілдік мөлшері әрбір сауда бірлігі бойынша қ о с ы м ш а д а кө р с е т і л е д і .

3.2. Шарт ресімделгеннен кейін 10 күннен кешіктірмей аларман заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

а) < * >

б) саудаласудан (аукциондардан) сатып алынған өсіп тұрған сүректің ақшалай қаражаты жергілікті бюджетке. < * >

3.3. Сүректі Сатушыдан Сатып алушыға беру орман заңнамасына сәйкес жүргізіледі. <*>

4. Орындау кепілдігі және тараптардың жауапкершілігі

4.1. Сауда комиссиясы мен Сатушы туындайтын проблемаларды келісе отырып реттеу үшін ақылға сиымды барлық шараларды қолданады.

Сауда комиссиясы мен Сатушының бір-біріне қоятын талабы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіп бойынша қаралады.

4.2. Егер саудаласу Сауда комиссиясының кінәсіз өткізілмеген жағдайда Сатушы саудаласуға қойылған сүректің бастапқы құнының _____ процентін Сауда комиссиясына төлейді.

4.3. Сатушы Сауда комиссиясының көрсеткен қызметіне ақыны дер кезінде төлемеген жағдайда әрбір кешіктірілген күн үшін төленбеген сомадан _____ процент мөлшерінде өсім төлейді.

4.4. Сауда комиссиясы саудаласу жасалғаны туралы есепті дер кезінде табыс етпеген жағдайда Сатушының әрбір кешіктірген күн үшін аукцион көрсеткен қызмет ақысын _____ процент азайтуға құқығы бар.

4.5. Тараптар форс-мажорлық жағдай туғанда бір-біріне жауапкершіліктен б о с а т ы л а д ы .

4.6. Сатушының өнімімен салыстырғанда каталогтегі ақпарат бұрмаланған жағдайда Сауда комиссиясы Сатушыға келтірілген шығынға өтем жасайды.

4.7. Сауда комиссиясы Сатушының міндеттемелері бойынша, ал Сатушы Сауда комиссиясының міндеттемелері бойынша үшінші адамдар алдында жауап бермейді.

5. Өзге шарттар

5.1. Осы келісім қолданылып жүрген заңдар негізінде, сондай-ақ тараптардың өзара ұйғарымы бойынша өзгертілуі немесе жарамсыз деп танылуы мүмкін.

5.2. Бұл Келісімге өзгертулер мен толықтырулардың бәрі жазбаша түрде жасалады және Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

5.3. Келісім оған қол қойылған кезден бастап күшіне енеді.

5.4. Келісім әр тарапқа 2 данадан 4 дана етіп жасалған, әрі барлығының бірдей заңды күші бар.

6. Келісімнің қолданылатын мерзімі және тараптардың заңды мекен-жайы

6.1. Келісімнің қолданылатын мерзімі
Басталуы "___" _____ 19__ ж.
Аяқталуы "___" _____ 19__ ж.

6.2. Тараптардың мекен-жайы мен есеп айырысу шоттары
Алармандікі _____

_____ (почта мен телеграф индексі және Аларман мен оның банкісінің
мекен - жайы)

_____ (ш о т ы)

Сатушынікі _____

_____ (почта мен телеграф индексі және Сатушы мен оның банкісінің мекен-жайы)_____

_____ (ш о т ы)

Аларманнан _____ Сатушыдан

2-Қосымша

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358
қаулысымен .

ӨТІНІМ

Өсіп тұрған сүректі саудаласуда сатуға арналған
(Сауда келісімінің ажырамас бөлігі болып табылады)

N _____ "___" _____ 199__ ж.

_____ (сүрек иесінің аты)

Саудаласу көлемі _____ текше метр

Өсіп тұрған сүректің бастапқы бағасы _____

_____ (с о м а с ы ж а з б а ш а)

бойынша сатуға ұсынады.

1. Сауда бірлігінің ерекшелігі

Сауда бірлігінің орналасқан жері
_____ орман иесі

Орам _____ Тілкем _____

Мөлдек _____ кесілген жылы _____

(н ө м і р і)

Сауда бірлігі туралы жалпы мәлімет:

Ормандар тобы _____

Қорғаныштық санаты _____

Шаруашылық _____

Мөлдек көлемі барлығы _____

Кесу тәсілі _____

Өскіндер сақтаулы көлем _____

Сүйреп шығару қашықтығы _____

Көлік жолының бар-жоғы _____

(жолдың түрі, қашықтығы көрсетілсін)

(жалпы пайдаланылатын жолға дейін және таяу жердегі темір жол стансасына дейін)

Буылған текшенің орташа көлемі _____

Жер бетінің бедері _____

(таулы , дөңес , жазық)

Топырақ жағдайы _____

Дайындалған мерзімі _____

(басталуы, аяқталуы)

2. Сауда бірлігінің сандық және сапалық сипаттамасы

Тұқымы ! Саны, текше метр, төлем ставкасы, теңге !-----!

! кәделік ағаш ! !

!-----! отын !барлығы

! ірі ! орташа ! ұсақ ! жиыны ! !

Ж и ы н ы

3. Төлем шарттары

Саудаласуға қатысу үшін алдын-ала тауар бірлігінің бастапқы бағасынан _____ процент мөлшерінде кепілдік енгізілуі қажет, ол теңге мөлшерінде болады

_____ алдынан өткізіледі.

4. Дайындау шарттары

Ағаш кесілетін алаңды игерудің технологиялық картасы

Сатушыдан

3-Қосымша

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358

қаулысымен .

"Бекітемін"

**199 жылғы саудаласуға ұсынылған тауар бірліктері
бойынша енгізілген кепілдіктер туралы ведомость
(Кесте)**

4-Қосымша

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358

қаулысымен .

"Бекітемін"

1 99 жылғы _____ өткізілген саудаласуда _____
Орман иесінің өсіп тұрған
сүрегін сатуға арналған

САУДА ПАРАҒЫ

(саудаласу өткізілген орын)

(Кесте)

5-Қосымша

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358

қаулысымен .

"Бекітемін"

Орман шаруашылығына _____ бойынша
" _____ " _____ өткізілген

(саудаласу өткізілген орын)

Саудаласу нәтижелері туралы ведомость

(Кесте)

6-Қосымша

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

Өсіп тұрған сүректі сатып алу-сатуға арналған ШАРТ

Қол қойылған күні _____ 199__ ж.

(занды немесе жеке тұлғаның атауы) бір жағынан, бұдан былай Сатушы деп аталып, _____

(Сауда келісімінің атауы, датасы) негізінде іс-әрекет жасайтын _____ (аукционды ұйымдастырушы өкілінің

лауазымы, фамилиясы, аты, әкесінің аты) атынан және _____ екінші жағынан (бірлестіктің, ұйымның, кәсіпорынның атауы) бұдан былай Аларман деп аталып, 199__ жылғы _____ негізінде іс-әрекет жасайтын _____ (лауазымы, фамилиясы, аты, әкесінің аты)

атынан мыналар жайында осы шартты жасасты:

1. Шарттың пәні

1.1. _____ (аукционды ұйымдастырушы, датасы, орны) _____ ұйымдастырған аукционда

Аларман саудаласылған мынадай тауар бірліктерін сатып алуға, ал Сатушы оларды сатуға тілек білдіреді.

Каталог ! Тауардың ! Бастапқы ! Ақырғы ! Кепілдік !Төленуге
бойынша ! атауы ! бағасы ! бағасы ! сомасы ! тиісті
н ө м і р і ! ! ! !

а) жиынтық бастапқы құны

теңге

(ж а з б а ш а)

ә) ақырғы жиынтық құны _____ теңге

(ж а з б а ш а)

б) кепілдік сомасы _____

(ж а з б а ш а)

в) төленуге тиістісі, барлығы _____

(ж а з б а ш а)

Тауар бірліктерінің ерекшеліктері каталогта келтірілген _____

(аукционды ұйымдастырған)

табыс еткен деректерге сәйкес келеді.

2. Тараптардың міндеттері

2.1. Аларман мыналарды міндетіне алады :

2.1.1. Шарт ресімделгеннен кейін 10 күннен кешіктірмей өсіп тұрған сүректі сатып алғаны үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:

а) < * >

б) саудаласудан (аукциондардан) сатып алынған өсіп тұрған сүректің ақшалай қаражаты жергілікті бюджетке.

ЕСКЕРТУ. 2.1.1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N 708

қ а у л ы с ы м е н .

2.1.2. Осы шартқа қол қойылғаннан кейін _____ күннен кешіктірмей, ағаш кесу билетін жаздыру үшін төлемдік тапсырманың көшірмесін алып, Сатушыға келуге тиіс.

2.2. Сатушы мыналарды міндетіне алады.

2.2.1. Төлемдік тапсырманың көшірмесін табыс еткен соң ағаш кесу билетін немесе саудаласуда сатып алынған сүректің тауар накладнойын жазып береді.

2.2.2. Ағаш кесу билетін жазып беру кезінде сатушы аларманды өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерімен, оларды бұзғандық үшін салынатын ақшалай айып-пұлмен таныстырады, сонан соң осылармен танысқаны жөнінде аларман қолын қояды.

3. Есеп айырысудың және аларманның сатушыдан өнім алуының шарттары

4. Орындау кепілдігі және тараптардың жауапкершілігі

4.1. Аларман мен Сатушы туындайтын проблемаларды келісе отырып реттеу үшін ақылға қонымды барлық шараларды қолданады.

4.2. Аларман мен Сатушының бір-біріне қоятын талабы Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген тәртіп бойынша қаралады.

4.3. Сатушы каталогта ұсынылған мәліметтердің ағаш кесу таксациясының қолданылып жүрген ережелері пұрсат беретін дәлдік шегіндегі дәлме-дәлдігіне кепілдік береді. Босатылатын сүректің саны мен сапасын анықтаудың дәлдігінде жоғарыда белгіленген нормативтерден ауытқушылықтың беті ашылған жағдайда Сатушы қысқа мерзім ішінде Аларманмен келісе отырып, өзара тиімді шешім ұсынады.

4.4. Тараптар форс-мажорлық жағдай пайда болған ретте өзара жауапкершіліктен босатылады.

4.5. Егерде Аларман 10 күн ішінде шотты төлемесе және аукцион өткізген күннен бергі _____ күн ішінде ағаш кесу билеті жазып берілмесе, онда аукцион нәтижесінің күші, ал Аларманның жыл бойы сүрек аукционына қатысуға құқығы болмайды. Бастапқы ақшалай жарна (кепілдік) оған қайтарылмайды, жергілікті бюджеттің кірісіне есептеледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 4.5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N 708 қаулысымен.

4.6. Аларман Сатушының міндеттемелері бойынша, ал Сатушы Аларманның міндеттемелері бойынша үшінші адам алдында жауап бермейді.

5. Өзге шарттар

5.1. Осы Шарт қолданылып жүрген заңдар негізінде, сондай-ақ тараптардың өзара келісуі негізінде өзгертілуі немесе жарамсыз деп танылуы мүмкін.

5.2. Аталған Шартқа өзгерістер мен толықтырулардың бәрі жазбаша түрде жасалады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

5.3. Шарт қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді.

5.4. Шарт уағдаласушы тараптардың әрқайсысына және Аукционға 2 данадан 6 дана етіп жасалған, әрі барлығының бірдей заңды күші бар.

6. Шарттың қолданылу мерзімі және тараптардың заңды мекен-жайы

6.1. Шарттың қолданылу мерзімі
Басталуы "___" _____ 199__ ж.
Аяқталуы "___" _____ 199__ ж.

6.2. Тараптардың мекен-жайы мен есеп айырысу шоты
Сауда комиссиясының _____

(почта және телеграф индексі және Сауда комиссиясының және оның банкісінің мекен-жайы)

(ш о т ы)

Сатушынікі _____

(почта және телеграф индексі мен Сатушының және оның банкісінің мекен-жайы)

(ш о т ы)

6.3. Осы шартқа қоса тіркелгені:
Саудаласуға ұсынылған сауда бірліктеріне арналған өтінімдер _____ бет.

Сауда комиссиясынан

Сатушыдан

7-Қосымша

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 358 қаулысымен .

" Б е к і т е м і н "

Сауда комиссиясының төрағасы

_____ (қолы)

**199 жылғы _____ өсіп тұрған сүректі
саудаласуды өткізгені туралы сауда**

комиссиясының есебі

Қазақстан Республикасында Ағаш саудаласуын (аукциондарды) өткізу тәртібі туралы ережеге сәйкес _____

_____ (сүрек иесінің атауы, Сауда келісімінің нөмірі, жиынтық таксалық

қ ұ н ы)

сүрегін сату жөніндегі саудаласу өткізілді.

Саудаласу _____ сағатта басталып, _____ сағатта аяқталады. Саудаласуға қатысуға келген адамдардың қолхат беруімен саудаласудан сүрек сату ережелерімен таныстырылады, саудаласуға ниет білдірушілердің кепілдік сомасын төлегенін қуаттайтын құжаттар алынды, ол жайында "кепілдік туралы ведомость" жасалды.

Саудаласу басталғанға дейін _____ жабық жазбаша өтінім

алынды. Жазбаша өтінімдердің бәрі жарамды деп танылды.

Саудаласу ұсынылған ақырғы бағалар "Сауда нәтижелері туралы ведомосте" келтірілген.

Сауда комиссиясы мүшелерінің қолдары:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК